

«Баланы тұлға ретінде дамытудағы әкенің ролі»

- Әке болып қалудан,
әке болу жеңіл.

Ы.Алтынсарин.



- **Мақсаты:**

- Отбасылық тәрбие берудің жақсы дәстүрлерінің қайта өркендеуіне, бала тәрбиесіне әкелердің белсенді қатысуына көмек беру.


- **Міндеттері:**

- Әкенің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен мәдениетін арттыру, олардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуының қажеттілігін ұғындыру. Осы мәселе бойынша әкелерге көмек көрсету:
- Отбасында рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша әкелердің рухани-мәдени білімін кеңейтуге;
- Жеке отбасындағы өз баласының ерекшеліктерін танып, білуге және түсінуге;
- Түрлі іс-әрекет барысында балалармен өзара оңтайлы әрекет етудің ептіліктерін меңгеруге;
- Отбасындағы күнделікті және мерекелік іс-шаралар мен оқиғалардың балалармен өткізу біліктілігін үйренуге көмектесу.

Психологиялық ахуал

**«Мен баламды
еркелетемін»**

Топқа бөлу



Баяндама
Тақырыбы:
«Әке – алтын діңгек»



Бейнеролик

Балаңызды қалай мақтайсыз



Ата-аналардың баламен қарым-қатынасында баланың үмітіне балта шабатын, кінәлайтын сөздер беріледі. Осы сөздерді олардың өз күшіне сенім тудыратындай, жақсы қолдау көрсете алатындай сөздермен алмастыру керек.

- 1. Сенен ешқандай жақсылық шықпайды, нөлсің.**
- 2. Неге сен басқа балалардай емессің?**
- 3. Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, шашың дудыраған, үстің кір-кір.**
- 4. Тағы осылай істесең, менен таяқ жейтін боласың.**
- 5. Сенің кесіріңнен өмірі жолымыз болмады.**

Жауаптары:

- 1. «Сенің де қолын өмірде бір нәрсеге жететініне сенгім келеді. Оқу озаты немесе оқу екпіндісі боласың» - деп, үміт артуы керек.
- 2. «Сенің де басқалардан өзгеше болуына құқың бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артуы керек.
- 3. «Үстіңді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр » - деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек.
- 4. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екіншілей жаман қылық жасама».
- 5. «Үлкендердің өмір жолында болып жатқан ыңғайсыз жағдайларға сен кінәлі емессің. Сенің болашағың алда, үлкен ғалым боласың, жақсы дәрігер, білімді ұстаз болуды арманда » және ата-анасын сыйлау керек екенін айтып отыру керек.

Әкеме хат



«Екі өтірік, бір шындық»

**Бала тәрбиелеудегі іс-әрекетіңіздің екі
өтірік, бір шындығын жазыңыз**



Н.И.Дереклееваның кітабында отбасында балаға тәрбие берудің заңдары көрсетілген формуласы берілген.

Отбасы заңы: 1+2+3+4

1 заң: әке мен ананың балаға қоятын талаптарының бірдей болуы;

2 заң: бала үшін маңызды болып табылатын мақтаудың болуы;

3 заң: отбасы мүшелерінің әр қайсыларының еңбекке араласуы;

4 заң: ересектер мен балалар арасында материалдық және моралдық игіліктерді теңдей бөлу.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**



Педагогикалық жағдаятты шешу.

- Үйге сыйлы қонақ келді. Алыстан келген сыйлы қонағыңызға сіз дастарханға ішімдік қойдыңыз, құйып отырсыз, кейде соғыстырасыз. Бірақта, сіз үйде балаңыздың көзіңше сіз ішпейсіз, ішкенде емессіз. Балаңызға ішімдік ішуге, темекі тартуға болмайды деп үнемі түсіндіріп отырсыз. Балаңыз сізді көріп, таң қалды. Сіз бұл жағдайдан қалай шығасыз? Не дейсіз?
- Сіздің көңіл күйіңіз төмен, жұмыста бір екі қиыншылық болды. Үйге келсеңіз сол кредит төлеу керек, балаңыз мектепте тәртіп бұзған бұл жағдайдан қалай шығасыз? Ашуланудың алдында әрен тұрсыз. Не істейсіз?
- Жасөспірімдік кезең балаңыздың басынан өтіп жатыр, балаңыз анда санда өтірік айтып би кешіне кетіп қалады? Сіз баланы қайда жүргенін білмейсіз, не істейсіз?
- Сіз балаңыздың энергетикалық сусынды ішіп, насыбай атқанын біреуден естідіңіз, қызығып дәмін татты делік. Ал, бұл әдетке айналып кетсе, не істейсіз? Бұл жағдайдан қалай шығасыз?